**Ауқаты нашар азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беруге байланысты ұйымдардың шығындарының орнын толтыру тәртібі туралы Нұсқаулық**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 24 ақпандағы N 47. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 280. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 453 бұйрығымен.

-----------Бұйрықтан үзінді-----------

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Ауқаты нашар азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беруге байланысты ұйымдардың шығындарының орнын толтыру тәртібі туралы Нұсқаулық" 1997 жылғы 24 ақпандағы N 47, 1997 жылғы 18 сәуірдегі N 282 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде тіркелген бұйрығы...

-----------------------------

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 437 P960437_ "Тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй-коммуналдық қызметке ақы төлеудің жаңа принциптеріне көшу туралы" қаулысымен бекітілген, ауқаты нашар азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй-коммуналдық қызметке төлеуге жәрдемақы беру тәртібі туралы Уақытша ережеге сәйкес тұрғын үй жәрдемақысы қызметтерінің ауқаты нашар азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беруге байланысты шығындардың меншік үлгісіне тәуелсіз ұйымдарға қайтару тәртіптерін белгілейді.

**II. Қаржыландыру құжаттарын толтыру тәртібі**

2. Қалалық, аудандық тұрғын үй жәрдемақысы қызметтерімен Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің 1996 жылғы 12 мамырдағы N ФГ-20-1-5-813 хатына сәйкес белгіленген үлгі бойынша тұрғын үй жәрдемақысын беруге Келісімді бір

мезгілде жасай отырып, Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес қызмет көрсету түрлері бойынша тұрғын үй жәрдемақыларының көлемін бөлу жүргізіледі.

3. Келісімнің және 1 қосымшаның негізінде қалалық, аудандық тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері пәтер меншігі иелерінің кооперативтері (ПМК) немесе балансында тұрғын үй қоры бар басқа да қоғамдық құрылымдар, ұйымдар бойынша топтастырылған, ағымдағы айдың 30-ыншы күнгі жағдай бойынша тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалған азаматтардың тізімін (осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасы) бірнеше дана етіп жасайды. Тізімнің бір данасы тұрғын үй қызметтерінің орталықтарында қалады, қалғаны келесі айдың 10-ы күніне дейін тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдарға, пәтер меншіктерінің кооперативтеріне, кондоминимумдарға (тұрғын үйлердің бірлескен иелеріне) немесе тұрғын үйді ұстау шығындарына ақы төлеу үшін есеп беттерін ашатын басқа да қоғамдық құрылымдарға, халық санын сұрыптаумен айналысатын есептеу орталықтарына беріледі.

4. Тұрғын үй жәрдемақыларының қызметтері ай сайын азаматтардың тізіміне жәрдемақы тағайындалғандары, қаза болғандарды есептей отырып тиісті өзгертулер немесе тұрғын үй жәрдемақыларын алуға құқылы, пайда болған азаматтар, енгізіледі.

5. Ағымдағы айдың 25-і күнінен кейін тұрғын үй жәрдемақыларын есептеу туралы өтініш берген азаматтар, келесі айдан бастап, жәрдемақы алу тізіміне жоғарыда аталған тізімге енгізіледі.

6. Қалалық, аудандық тұрғын үй қызметтері тұрғын үй жәрдемақылары тағайындалған азаматтардың тізімін, өздерінің филиалдарынан, келесі айдың 5-і күнінен кешіктірмей алады.

7. Тұрғын үй жәрдемақылары тағайындалған азаматтардың тізімі негізінде қалалық, аудандық тұрғын үй қызметтері ауқаты нашар отбасыларына тұрғын үй жәрдемақыларын беруге байланысты, жеткізушілерге көрсетілген шығындардың орнын толтыруға жататын біріккен ведомосты Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша жасайды және келесі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде тұрғын үй жәрдемақы қызметтерінің жергілікті жерлеріндегі қаржы органдарына тапсырады.

## III. Ауқаты нашар азаматтарға тұрғын үй жәрдемақыларын беруге байланысты ұйымдардың шығындарының орнын толтыру тәртібі

8. Тұрғын үй жәрдемақылары қызметтерінің бюджеттен қайтарылуға жататын тұрғын үй жәрдемақыларын беруге байланысты шығындардың ұсынған біріккен ведомостары негізінде аудандық, қалалық қаржы органдары келесі айдың 20-сы күніне дейін ауқаты нашар азаматтарға тұрғын үй коммуналдық қызметін

көрсетуге байланысты шығындардың орнын толтыру туралы өзара келісім жасайтын қаржы органдарымен меншік үлігісіне тәуелсіз жеткізушілер қызметіне есеп айырысу шоттарына қаржыларды тапсырыстық төлемдермен аударады.

9. Қаржы органдары тұрғын үй жәрдемақыларына тиесілі сомалардан аванстық аударымдар жүргізе алады.

10. Есепті жылдың соңында қаржы органдары тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін көрсетуші кәсіпорындарымен және ұйымдармен түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырады. Тұрғын үй қызметтеріне тиесілі есептелген артық сомалар жергілікті бюджет есебіне қайтаруға жатады.

11. Тұрғын үйді ұстауға ақы төлеу, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді пайдалану бойынша шығындардың өтемақысына тұрғын үй жәрдемақыларын ауқаты нашар отбасыларына беруге байланысты жеткізушілерге көрсетілген шығындардың орнын толтыру "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандырудың 6 міндеткер тобы, "Әлеуметтік сақтандырудың" 1 міндеті, "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің" 213 мекемесі "Әлеуметтік көмектің басқа түрлерінің" 6 ішкі міндеттері, "Тұрғын үй жәрдемақыларының" 30 бағдарламасы, 00 ішкі бағдарламасы, 313 өзіндік ерекшеліктері (шығыстардың бюджеттік коды 2133000301) бойынша шығыстардың сметасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүргізіледі.

12. Тарифтерді қолданудың, тұрғын үй жәрдемақыларын есептеу мен берудің дұрыстығына бақылау жасау жергілікті әкімшілікке, қаржы органдарына, тұрғын үй жәрдемақысы қызметтеріне жүктеледі.

2-қосымша

**Қызмет көрсету бойынша тұрғын үй жәрдемақы көлемін бөлу**

| Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету түрі | Сомасы (теңге, тиын) |
| --- | --- |
| жылу | |
| ыстық сумен жабдықтау | |
| суық су | |
| канализация | |
| электроэнергиясы | |
| газ | |
| қоқыстарды шығару | |
| лифт | |
| тұрғын үйді ұстауға арналған | |

шығындар |
|
Жиыны: |
|
Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі | ________________
| (Аты-жөні)
|
М.О. |

---

N 2 қосымша
Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі

**Тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалған азаматтардың**
**ТІЗІМІ**

30_________199__ж. бойынша ______________
айы кімге берілді

(теңге тиын)

| N р/с | ПМК-нің не болмаса балансында тұрғын үй коры бар баска да ұйымдардың атауы немесе нөмірі | Тұрғын үй иесінің тегі, аты, әкесінің аты | Үйдің мекен-жайы | Айына есептелген жәрдемақы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| I. | Мысал: N I ПМК | | | |
| 1. | | А.И.Иванов | Абай к.100, 1-пәтер | 500 |
| 2. | | | | ........... |
| 3. | | | | ........... |
| 4. | | | | ........... |
| | | Жиыны: | | |
| II. | N 2 ПМК | | | |
| 5. | | П.Н.Петров | Мир к.12, 5 пәтер | 300 |

6 . . . . . . . . . . . . .

Ж и ы н ы :
ж ә н е т . с . с .
Ж е т е к ш і

"____" _________ 199 _____ж.

N 2 қосымша

N | оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық қызмет түрлері бойынша

| | жылу | жылы сумен жаб. дықтау | суық сумен жаб. дықтау | кана. лизация | электр энер. гиясы | газ | қоқыс. тарды шыға. руға | лифтке | тұрғын үйді ұстауға арналған шығындар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

1. 200 100 25 25 50 50 25 25
5. 100 50 25 25 50 25 25

N 3 қосымша

Т ұ р ғ ы н ү й ж ә р д е м а қ ы с ы
қызметі

___________________
(кімге берілді)

**Ауақты нашар азаматтарға тұрғын үй жәрдемақыларын беруге байланысты қызмет көрсетушілердің шығындарының толтыруға жататын**

___________________199_ж. үшін
(айы)

(теңге,тиын)

| N р/с | ПМК-нің немесе балансында тұрғын қоры бар басқа да ұйымдардың тізбесі | Айына есептелген жәрдемақы сомаларының барлығы | оның ішінде қайтаруға жатады (нақтылы ұйымдар ұйымдар көрсетілген): жылумен жабдықталатын ұйымдарға | сумен және жабдықтайтын ұйымдарға |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|

Мысал:
1. N 1 ПМК
2. N 2 ПМК
3. N 3 ПМК
4. .......
5. .......
және т.с.с.

Барлығы

Жетекші
Бас бухгалтер
"  " ____________199_ж.

| электрмен жабдықтайтын ұйымдарға | газбен жабдықтайтын ұйымдарға | қоқыстарды шығарумен айналысатын ұйымдарға | лифт қызметінің ұйымдарына | тұрғын үйге қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдарға |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК